

ЖАЗУШЫ НЫҒМЕТ ҒАБДУЛЛИННИН «БАЛА ЖАНЫ» ЭНГИМЕСИНДЕГІ ПЕДАГОГТИК ОЙ-ПІКІРЛЕР

Қазіргі жастардың рухани байлығы, сезімі, жан-дүниесі қоғамымыздың алдындағы күрделі мәселелердің бірі. Кейінгі толқын жеткіншектерді сана-сезімі жоғары, моральдық қағидаларды бойына сіңірген белді де білікті азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі өмірлік тәжірибесі бар ағалардың алдындағы міндет десек қате айтпаған болар едік. Бүгінгі өскелең заманда әрбір жеке адамның тағдыры толғандырып, адам-гершілік, имандылық, сүйіспеншілік жағына көп көңіл бөлініп келеді.

Әрбір ақын-жазушы өмірден өз көргені мен түйгенін шығармасына азық етеді десек, ол жазушының өз көзқарасын тікелей көрсетеді. Автор өмірден көргенін сол күйінде көшіре салмай әбден ойланып, тәлім-тәрбие берерлік ұтымды фактілерді суреттейді. Адамдарымыздың қарым-қатынасын, күнделікті өмірін суреттей отырып, мораль, этика сияқты маңызды мәселелерді көтереді [2].

Мұнда жазушының өз ойы, сезімі, сенімі, түсінігі түгел дерлік айнадай жарқырап жатады. Өмірлік өз тәжірибесіне сүйеніп белгілі белді образдар тударады. Өз кейіпкерлері арқылы сөйлейді, ойланады, қуанып, қайғы шегеді десек, әрбір көркем шығарма жазушы жүрегінен жарып шыққан өз тумасы.

Суреткер – белгілі бір дәуір перзенті. Оның шығармашылығы сол өмірдің сәулесі, көрінісі. Сондықтан жазушы шығармалары өз дәуірінің әлеуметтік тіршілігінен, арпалысынан оқшау болуы мүмкін емес. Бірде-бір шынайы суреткер өз заманының саяси-әлеуметтік мәселеріне үн қоспай, араласпай қалмақ емес [1].

Осы тұрғыдан алғанда жазушы, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Нығмет Ғабдуллиннің балалар мен жеткіншектерге арнаған бір шоқ әңгімелері өз алдына тәлім-тәрбие берерлік құнды дүние. Жазушы күнделікті өмірдегі жеткіншек пен жастардың өзара қарым-қатынасын, сезімі мен ішкі жан-дүниесін ешбір бояусыз өмірдің нақ өзінен алып, өз қырынан, өзгеше суреттеген. Жазушы кейіпкерлері бір қарағанда өзіміз күнде көріп жүрген ауылдың балалары, дегенмен де әңгіме оқу барысында ол балалардың жас та болса өзіндік көзқарасы қалыптасқан кішкентай азамат екені танылады.

Суреткер қаламынан шыққан әрбір көркем туынды адам тағдырын сөз етеді. Сондықтан әрбір кейіпкерге баға бергенде, сол кейіпкердің бойынан адам табиғатына сай асыл қасиеттерді іздейсің. Жазушы суреттеген көркем туындыдағы әрбір кейіпкердің мінез-құлқына қарап жағымды, жағымсыз деп жадағай, біржақты талдауларға бой бермей, нақты адам заты бойындағы мінездерді саралау керек. Кейіпкердің іс-әрекеті, сөйлеген сөзі, тұжырымдар ойына қарап адамдық болмысын танып, адамгершілік парасатын, жан жылуын, сезім шынайылығын, жүрек қалауын танимыз.

Елуінші жалдардың екінші жарты-сынан бастап жазушылар жеке адамның тағдыры, этика, мораль жағына көбірек көңіл бөле бастады. Жеке адамның коллективте, семьядағы моральдық болмысы төңірегінде алынып оның жағымсыз жағы әшкереленіп отырды. Осының өзі негізгі проблема дәрежесіне көтерілді және өмір шындығымен тығыз байланыста адамдардың өзара қарым-қатынасы арқылы көрінді. Сөйтіп жеке адамның рухани өміріне көбірек назар аударылды [2]. Жазушының «Бала жаны» әңгімесіндегі негізгі түйін ауылдағы балалардың сезімі, өмір суретін сезіне алатын, еңбекке төселген, сонымен қатар табиғат сұлулығын бағалай білетін

жандар. Бұл әңгімеде жазушы жеке бір баланың әрбір қасиетін әр қырынан алып, жеке-жеке тоқтала суреттеген. Баланың үлкенге ізеті ә дегеннен-ақ сезіледі. Көркем шығарма құбылысты бірден көз алдына әкелгендей әсер беруі негізгі шарт [3]. Осы тұрғыдан алғанда жазушы әңгімелеріндегі кішкентай кейіпкер-лердің жан-дүниесін асқан шеберлікпен бере білген. Әңгімені ә дегеннен-ақ өзінді баурап әкетер қасиеті бар.

Осы бір өткір қара көзді, шот мандайлау келген, ақ сарғыш жүзінде аздаған секпілі бар, жас мөлшері он-он бірлер шамасындағы баланың қылығы мен мінезі әрқашан көз алдымда тұрады. Өзін еске алсам-ақ, еңбек сүйгіш, кіші пейіл, жомарт жанды нағыз азамат өсіп келеді деп қуанамын [3] дейді жазушы. Әңгімені бастап оқығаннан-ақ портреті мен мінезін қатар суреттеп өзін сүйсіндірген жанның әр әрекетін жан-жақты бейнелеп береді. Бала енді нақты іс-әрекет негізінде көрінеді. Ауданнан колхоз орталығына бара жатқан үш жолаушының жолда көліктері сазға тығылып жүре алмай қалады. «Не айла тапсақ болар» деп шарасыз тұнып тұрған жолаушылар алыстан салдырлаған арба дауысын естиді. Арба айдап келе жатқан жас бала екен. Сазға тығылып тұрған көлікті алыстан көре көмекке асығады. Жап-жас бала үлкен кісілерше жөн сұрасып, машиналарын саздан шығарысып береді. Баланың іс-әрекетіне риза болған адамдар «Түн қараңғысында қайда барасың?» деп енді өздері жөн сұрасады. Бала күндіз ағаш кесуге кеткен әкесіне көлік алып бара жатқанын айтады. «Түн ішінде қалай қорықпайсың?» деген үлкен кісілердің сөзіне «Неменеден қорқам. Қасқырдан ба? Қолымда балтам бар» деп көтеріле сөйлейді [3].

Кіп-кішкентай баланың сөзі мен ісіне риза болған жолаушылар «Қандай жақсы бала еді» деп сүйсініп қалады. Баланың байыпты әр сөзі бала характерін ашып тұр. Автор осы баламен тағы кездеседі. Енді жазушы жолда кездесіп өздеріне көмек берген баланы басқа қырынан көрсетеді. Енді ол қолында балтасы бар жас шебер. Әкесі дайындаған тақтайларды біртіндеп ашаға қағып мал тұмсығы батпас қоршау жасап жатыр. Тақтайларды әзірлеген әкем. Мен соларды шегелеп жатырмын. Сіз білесіз бе, осы қоршаудың ішіне тал егеміз [3] деп мақтана сөйлейді. Жазушы айтар ойы, көркем образ арқылы танылады десек, бұл әңгімеде жалғыз бала әрекеті шығарма құндылығын танытып тұр. Жан-жақты суреттелеген бала ұшқыр қиялы, ізеттігі, әкесіне қамқорлығы, табиғатты сүйіп оған қамқор болуы жан-жақты жақсы суреттеліп ашылған. Жазушы идеясы көркем образ арқылы танылса, шығарманың құндылығын анықтайтын белгінің бірі образ болмақ. Ал толысқан образ психологиялық тереңдікпен ұштасады [1]. Осы жағдайда бала образы біршама жақсы шыққан деп айта аламыз. Жасы бар болғаны он-он бір жастағы бала үлкен кісілерше түйдек ой тастайды. Баланың әрбір сөзінде, әр диалогте өзіндік пікірі бар азамат қалыптасқан деп айта аламыз. Оның әр сөзінен балалық мақтанышы сезіліп, ілгеріге ұмтылуы байқалып жатады, өзін әлі де қомсынып, қағас жерлерінде балалық күдігі де шаң беріп қалады. Бірде сіз білесіз бе, осы қоршаудың ішіне тал егеміз деп мақтанса, мен әкемдей шебер бола аламын ба деп күдігі де қылт ете қалады. Баланың әр сөзі, ойы жанға жақын, сенімге нанымды, көңілге қонымды. Жазушы түнделетіп әкесі дайындаған ағашты әкелуге кетіп бара жатқан баланың енді сол ағаштарды ашаға шегелеп қоршау жасап жатқанын да көрсетеді. Бала қимылына алыстан сүйсінген кейіпкер жақындап барып өзі қол беріп амандасады. Қазақтардың ұғымында кісіге бірінші қол беріп амандасу сол кісіге деген үлкен құрмет. Демек жазушы қаламында үлкенге ізеті бар бала жас та болса үлкен құрметке ие. Бел жазбай еңбектеніп жатқан бала әрекеті кешікпей-ақ анықталады. Түнделетіп ағаш әкеліп, қоршау жасап жүрген баланың бар арманы тал отырғызу, үй маңын көгалдандыру екен. Жап-жас болып өгіз арбаның өгіз аяңымен кештетіп әкесі дайындаған тақтайларды әкеліп іле қоршау жасауы, тал егу екен-ау деп риза боп қаласыз. Бұл қоршаған ортаны сүйіп, қадірлеу бала кезден бастау алуы керек деген жазушының негізгі түйінді ойы. Жазушы бала тұлғасын ашуда детальдарды жақсы пайдалана білген. Бала үнемі қимыл-әрекет үстінде көрінеді. Бала былай істеді, мына сөзді айтты деп жазушы құрғақ хабарлап қойса, жанымыз сенбес еді, көңілімізге қонбас еді. Бұл жазушы шеберлігінің үлкен қырын танытса керек.

Әңгіменің соңында баланың табиғатты жақсы көруі нақты детальмен танылады. Әңгіме

соңында балық аулауға барған бала балықтардың көл үстінде шоршып, ойнап жүргеніне қызығып:

- Олар мээ болып ойнап жүр екен. Мені көрсе бәрі қорқып қашып кетеді. Сосын бұға қойдым, - деді бала өз жайын баяндап. Сәлден кейін ол: - Мейлі, ойнай берсін. Оларды мен шошытпаймын. Қармақты басқа жерден саламын,- деді...

Шынында да, сол сөз бала жанының асыл бар сипатын танытпай ма. Оған қалай жолыққанымды жазуыма түрткі болған да осы сөз деп қорытады. Жазушы бала санасын психологиялық тереңдікпен шындық тұрғыдан көрсете білген. Жап-жас он-он бір жастағы баланың ақылдылығына, сезімінің жоғарылығына, жөн білгіштігіне риза болып, кәдімгідей қызығып та қаласыз.

Жазушы идеясы көркем тұлға арқылы іске асады десек, оның жасалу жолы сан алуан! Ең алдымен кейіпкердің сыртқы пішін-келбетінен бастап, оның көңіл-күйі, жан-дүниесі – психологиясы, табиғат, диалог, монолог сияқты тағы басқа компоненттер. Осы айтылған-дардың әрқайсысы жеке зерттеуге тұрарлық маңызды мәселелер. Демек біз де осы шағын әңгімеде табиғаттың атқарар ролі мен бала кескін-келбетін мүсіндеген жазушы шеберлігін сөз етпекпіз.. Табиғаттың көркем шығармада басты роль атқаратыны әдеби шындық. Бұл әдеби тәсілді кейіпкер болмысын ашуда барлық жазушылар өз шығармаларында көп қолданған. Бала ұғымына сәйкестендіріп мектеп қабырғасында көп оқытылатын Мұхтар Әуезовтың «Көксерек» повесі табиғат сыры мен адам жанының үндестігінің айқын дәлелі, жазушы шеберлігінің үлкен бір қыры. Көп жағдайда табиғат кейіпкер тұлғасын ашуда көп қызмет атқарады. Табиғат пен адамды қоян-қолтық, тығыз байланыста, қатарластыра суреттеу – психологиялық параллелизм арқылы кейіпкердің басында әр түрлі көңіл күйін беру жазба әдебиет өкілдері жазушыларда ғана емес, сонау ауыз әдебиетінен келе жатқан тәсіл. Бірақ жазба әдебиетінде табиғатты пайдалану әлде қайда жоғары сатыға көтерілді. Классикалық әдебиетте философиялық терең астарлы, кең мағынаға ие болды. Сөйтіп, суреткер идеясын ашуда, образ жасауда басты компоненттердің біріне айналып отыр. «Бала жаны» әңгімесінде табиғат кейіпкер образын ашуда да үлкен қызмет атқарған. Жер лайсаң. Еріген қар суы жолды қуалап, бұраң-бұраң жіңішке жыралармен иіріліп ағып жатыр. Шұқыр-шұқанаққа жылтырап көк су тұрыпты. Күн бата ширыға түскен қатты желден шімірігіп, беті діріл қағады. Бар ажарынан айрылып, қыстан көтерем шыққан дала құрайы бүрсеңдеп ығып тұр. Кей тұсқа жеткенде машинамыз тайғанақтап жүре алмай да қаламыз [3]. Табиғатты шығармада қалай пайдалану керек, қысқаша ма әлде ұзақ па оған ешкім рецепт бере алмайды. Ол әр қаламгердің өзіндік стилін, талантын танытатын белгі екені ақиқат [2]. Сазға батып қалған жолаушылар енді көмекті алыстан күтіп тұрып қалады. Міне, осы суреттеулер арқылы жазушы енді сахнаға баланы шығарады. Түнделетіп әкесіне көлік алып шыққан бала жолаушыларды сөзге келмей саздан шығарысып, жөн сілтеп жібереді. Мұнда жазушы «бұраң-бұраң жіңішке жыра», «ширыға түскен қатты желден көк су шімірігіп, беті діріл қағады», «қыстан көтерем шыққан дала құрайы» деген теңеулер мен тың эпитеттерді жақсы қолданған. Тымық мөлдір суда балықтар ойнап жүр. Біресе көлбей жүзіп, бірде су бетін айыр құйрығымен салып қап шолп еткізіп, төмен сүңгиді. Бір сәт көзі шегірейіп кеп, жағадан төмен иіліп ұшы суға тиіп тұрған көк шөптің шетінен тістеп жұлып кетеді. Бұл кезде бүкіл жоны мен жарқ еткен бауыры көзге тұтас шалынады деп суреттейді жазушы. Осындай бей-жай мамыржай тыныштықта жайраң қағып ойнап жүрген балықтардың тыныштығын бала қалай бұзбақ? Жазушы алғашқы сәтте табиғаттың лайсаң, қолайсыз екенін адам мінезі

Шығармада мазмұн мен түрді бірлікте алып талдау – кітаптың негізгі өзегі. Әрбір көркем шығармада жазушының өз жүрек лүпілі, өз ой-сезімі бар, көргені, тоқығаны бар. Өнер адамы өмір жайлы өз толғанысын, ой-сезім түсінігін бейнелейді. Шығармада жазушының бүкіл жан дүниесі ашылады, сүйеніш-күйініші көрінеді. Бала образы артында өсіп келе жатқан өскелең ұрпақ образы. Бала ақылы, саналығы іс-әрекет үстінде көрінеді. Жазушының жап-жас кейіпкері отырып алып құрғақ сөзді көйітер жан емес, оның әр ойы іс-әрекетінен көрінеді. Соған қарағанда кейіпкер

ойы қалыптасқан ісіне сөзі сай үлкен азамат. Әңгіменің эстетикалық мәні де осы. Жас ұрпақ гибрат алар өресі озық әңгіме.

Сонымен, жазушы белгілі бір қоғам суреткері, өмір айнасы. Оның әрбір еңбегі сол өзі өмір сүріп отырған қоғам сәулесі, көрінісі. Сондықтан жазушы шығармалары өз қоғамының әлеуметтік тартыс-таласынан тыс қалуы мүмкін емес. Қаламы жүйрік, санасы биік әрбір суреткер өз қоғамының тұрмыстық, әлеуметтік, саяси мәселеріне араласпай қалмақ емес. Қорыта келгенде, әңгіменің тәлімдік мәні бар және бүгінгі жас жеткіншектерге ой салар келелі туынды.

Әдебиеттер:

1. Ақшолоқов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. –Алматы, 1998.
2. Рүстембекова Р. Қазіргі қазақ әңгімелері. –Алматы, 1988.
3. Ғабдуллин Н. Кейінгі толқын. –Алматы, 1976.